

2026 жылғы тамыз айы Қазақстанда қандай болды?

Тамыз айы Қазақстанның басым бөлігінде салыстырмалы түрде ыстық болды. Елдің солтүстік-шығыс жартысында, сондай-ақ орталық және оңтүстік-шығыс өңірлердің кей жерлерінде жауын-шашын мол түсті.

Тамыз айының жекелеген күндерінде аптап ыстық байқалғанымен, өткен жылдардағы абсолюттік максимумдар жаңартылған жоқ.

11 тамызда Павлодар қаласында ауа температурасының максимумы $+37,3^{\circ}\text{C}$ -қа жетті. Алайда 2002 жылғы 10 тамызда мұнда $+40,6^{\circ}\text{C}$ тіркелген болатын. Сол күні Қызылорда қаласында да қатты ыстық байқалып, ауа температурасы $+42,5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтерілді. Дегенмен, бұл көрсеткіш 2002 жылғы 9 тамызда тіркелген абсолюттік максимум — $+44,7^{\circ}\text{C}$ -тан төмен болды.

14 тамызда Қарағанды қаласында ауа температурасы $+36,4^{\circ}\text{C}$ -қа жетті. Алайда 2002 жылғы 10 тамызда тіркелген $+40,2^{\circ}\text{C}$ абсолюттік максимум жаңартылған жоқ.

15 тамызда Түркістан қаласында ауа температурасының максимумы $+41,5^{\circ}\text{C}$ болды. Бірақ 1947 жылғы 20 тамызда мұнда ауа температурасы $+46,5^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтерілген. Сол күні Өскемен қаласында ауа температурасы $+36,9^{\circ}\text{C}$ болды. Бұл көрсеткіш 2002 жылғы 10 тамызда тіркелген $+42,1^{\circ}\text{C}$ абсолюттік максимумнан төмен.

16 тамызда Алматы қаласында ауа температурасы $+38,6^{\circ}\text{C}$ -қа дейін көтерілді. 28 тамызда $+35,8^{\circ}\text{C}$, 31 тамызда $+36,8^{\circ}\text{C}$ тіркелді. Алайда 1944 жылғы 9 тамызда орнаған $+40,5^{\circ}\text{C}$ абсолюттік максимум жаңартылған жоқ.

Жауын-шашын мөлшері бойынша да рекордтық көрсеткіштер тіркелді. 17 тамызда Павлодар облысындағы Ертіс метеостанциясында қатты жаңбыр жауып, 43 мм жауын-шашын түсті. Бұл — айлық норманың (39 мм) мөлшерінен де көп.

26 тамызда Шығыс Қазақстан облысындағы Теректі метеостанциясында 37 мм жауын-шашын түсті. Мұндағы айлық норма 29 мм құрайды.

Елордада тамыз айындағы ең жоғары ауа температурасы 1 тамызда тіркеліп, $+38,4^{\circ}\text{C}$ болды. Ең төмен температура 31 тамызға қараған түні байқалып, $+5,6^{\circ}\text{C}$ -ты құрады.

Тамыз айында елордада 50 мм жауын-шашын түсті. Бұл айлық норманың (31 мм) 160%-ын құрайды.